



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10 қазан 2022 жыл

№ 808-ЦЗ

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында қалдықтармен жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелерінде және оның еншілес ұйымдарында шаруашылық қызмет барысында пайда болатын қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Әріптестік туралы 2018 жылғы 4 шілдедегі №43-АҚ келісімнің 1-тармағының 19) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына, Әріптестік туралы 2016 жылғы 28 шілдедегі №82 келісімнің 1-тармағының 17) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында қалдықтармен жұмыс істеу қағидасы бекітілсін.

2. «Қағиданы бекіту туралы» 2016 жылғы 14 қарашадағы №972-ЦЗ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Бас инженер - Техникалық саясат департаментінің директоры Б.Қ.Котыревке жүктелсін.

**Басқарма Төрағасының
орынбасары**

Қ.Әлмағамбетов



Орынд. Кабиев С.С. – Цтех
60-34-23

БЛАГО

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы



Акционерное общество
«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасының
орынбасарының
2022 жылғы 10.10
№ 808.43 бұйрығымен
бекітілген

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында
қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары**

Редакция 2.0

Құжаттар тобы:	операциялық құжаттама
Әзірлеуші:	Техникалық саясат департаменті
Құжатты талдау және өзекті ету үшін жауапты:	Техникалық саясат департаменті

Астана – 2022 ж

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Қолданылу саласы	3
3	Нормативтік талаптар.....	3
4	Анықтамалар мен қысқартулар.....	4
5	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құрылымдық бөлімшелерінің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы міндеттері	7
6	Өндіру және тұтыну қалдықтарының түрлері.....	7
7	Өндірістік қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау.....	8
8	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау	10
9	Медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау	11
10	Қалдықтармен жұмыс жасау кезінде қойылатын жалпы талаптар	11
11	Орындаушыға қойылатын талаптар	13
12	Иерархия қағидаты	13
13	Жауапкершілік	14
	1-қосымша. Қалдықтарды басқару саласындағы нұсқаулық-әдістемелік постерлер	15
	2-қосымша. Кейбір өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауды ұйымдастыру мысалдары	39
	3-қосымша. Қалдықтарды есепке алу журналының нысаны.....	44

1 Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында қалдықтармен жұмыс істеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының шаруашылық қызметі барысында пайда болатын қалдықтармен қалдықтармен жұмыс істеу, олардың есебін жүргізу және осы қалдықтарды басқару саласындағы есептілікті беру тәртібін регламенттейді.

2. Қызмет барысында қалдықтар пайда болатын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары қалдықтар пайда болған кезден бастап оларды түпкілікті жойғанға дейін олармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарында әрбір қалдық түріне арналған олармен жұмыс істеу жүйесі: жинау, қаптау, тасымалдау, баптау (қажет болған жағдайда) әдістері, уақытша сақтау, ұзақ уақыт сақтау және/немесе көму мерзімдері белгіленуі тиіс, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеу үшін қажетті жайлар мен жабдықтар көзделуі тиіс.

2 Қолдану саласы

4. Қағиданың күші «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары табиғат қорғау қызметін жүзеге асыру кезінде қолданылады.

5. Осы Қағиданың талаптарын Компанияның немесе ЕҰ аумағында жұмыстарды жүргізетін бөгде жеке және заңды тұлғалардың орындауы 2021 жылғы 15 сәуірдегі №301-ЦЗ бұйрығымен бекітілген АҚ СТ-620100210058-ЦРПБ-02-2021 «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та немесе ЕҰ-да мердігер жұмыстарды орындаған кезде қауіпсіздікті басқару» ұйым стандартына сәйкес шарт талаптарымен жүзеге асырылады.

3 Нормативтік талаптар

6. Осы Қағида:

2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің;

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидасының;

Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары	
Редакция 2.0	44 беттің 4 беті

министрінің 2021 жылғы 6 тамыздағы №314 бұйрығымен бекітілген Қалдықтар сыныптауышының;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №100-п бұйрығымен бекітілген Өндіріс және тұтыну қалдықтарын шекті орналастыру нормативтерінің жобаларын әзірлеу әдістемесінің;

Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 10 ақпандағы №4 бұйрығымен бекітілген Бөлек жинау кезінде коммуналдық қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу әдістемесінің талаптарына сәйкес әзірленген.

4 Анықтамалар мен қысқартулар

7. Осы Қағидада келесі негізгі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Компания	–	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
қалдықтар түрі	–	шығу тегіне, қасиеттеріне және оларды басқару технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар қалдықтардың жиынтығы; қалдықтардың түрлері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қалдықтар сыныптауышының негізінде айқындалады
қауіпті қалдықтар	–	мынадай қасиеттердің біріне немесе бірнешеуіне ие қалдықтар: НР1 жарылыс қауіпі; НР2 тотығу қасиеттері; НР3 өрт қауіптілігі; НР4 тітіркендіргіш әсері; НР5 ерекше жүйелі уыттылығы (нысана-органға аспирациялық уыттылығы); НР6 жіті уыттылығы; НР7 канцерогенділігі; НР8 коррозиялық әсері; НР9 инфекциялық қасиеттері; НР10 бала тууға уыттылығы; НР11 мутагенділігі; НР12 сумен, ауамен немесе қышқылмен жанасқанда уытты газдардың пайда болуы; НР13 сенсбилизация; НР14 экоуыттылық; НР15 жоғарыда аталған қауіпті қасиеттерді көрсету қабілеті, олар бастапқы қалдықтардан жанама түрде бөлінеді; С16 тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ).
қауіпті қалдықтар	емес –	қауіпті қалдықтардың қасиеттеріне ие емес және қоршаған ортаға, адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына өз бетінше немесе басқа заттармен байланыста тікелей немесе ықтимал қауіп төндірмейтін қалдықтар;

қалдықтармен жұмыс істеу	–	қалдықтардың пайда болуымен, жинақталуымен, сақталуымен, пайдаланылуымен, кәдеге жаратылуымен, тасымалдануымен және көмілуімен байланысты қызметтің барлық түрлері;
қалдықтарды түзуші	-	қызметін жүзеге асыру барысында қалдықтар (қалдықтарды бастапқы түзуші) түзілетін немесе осындай қалдықтардың қасиеттерін немесе олардың құрамын өзгертуге әкеп соғатын өңдеуді, араластыруды немесе өзге де операцияларды жүзеге асыратын Компанияның құрылымдық бөлімшесі немесе ЕҰ (қалдықтарды қайталама түзуші)
қауіпті қалдықтардың паспорты	–	қауіпті қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамасын куәландыратын құжат;
қалдықтарды есепке алу	–	қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану, механикалық және физикалық-химиялық өңдеу жолымен қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою;
қалдықтарды кәдеге жарату	–	қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану, механикалық және физикалық-химиялық өңдеу арқылы қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою;
қалдықтарды зарарсыздандыру	–	олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту үшін қалдықтардың сипаттамасын өзгертетін, олармен жұмыс істеуді жеңілдететін немесе кәдеге жаратуды жақсартатын, сұрыптауды қоса алғанда, физикалық, жылу, химиялық немесе биологиялық процестер;
қалдықтарды сақтау	–	кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу және (немесе) жою үшін қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға жинап қою;
«ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания	–	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Еншілес ұйымдар, ЕҰ	–	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары - акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік

		немесе сенімгерлік басқару құқығында Компанияға тиесілі заңды тұлғалар
«ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері	–	орталық аппараттың департаменттері, бөлімдері, қызметтері, Компанияның филиалдары, тіркелген штаты, өкілдіктері,
контейнер	–	коммуналдық қалдықтарды жинауға, жинақтауға және уақытша сақтауға арналған ыдыс-тасымалдауға, шамадан тыс жүктеуге, бекітуге ыңғайлы болу үшін арнайы құрылғысы бар және қоршаған орта факторларының қалыпты әсер етуі кезінде ішіндегісінің сақталуын қамтамасыз ететін қатты, берік, жәшік түріндегі арнайы қаптама
қалдықтарды тасымалдау	–	қалдықтарды олардың түзілу объектілерінен оларды сұрыптау, сақтау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, көму және жою объектілеріне дейін жылжыту
тұтыну қалдықтары	–	оларды тұтыну немесе пайдалану процесінде пайда болған өнімдердің, бұйымдардың және өзге де заттардың қалдықтары, сондай-ақ бастапқы тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан тауарлар (өнімдер)
өндіріс қалдықтары	–	өндіріс барысында пайда болған және бастапқы тұтынушылық қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары.
медициналық қалдықтар	–	медициналық қызмет көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу процесінде пайда болатын қалдықтар;
қалдықтарды қайта өңдеу	–	тауарларды немесе өзге де өнімдерді өндіруде (дайындауда) одан әрі пайдаланылатын шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды қалдықтардан алуға, сондай-ақ олармен жұмыс істеуді жеңілдету, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қалдықтардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған сұрыптауды қоса алғанда, физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер
қалдықтарды орналастыру		өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму

Өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілерінде, компанияның жергілікті актілерінде айқындалған мәндерде пайдаланылады.

5 Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы міндеттері

8. Компанияның құрылымдық бөлімшелері және ЕҰ белгіленген тәртіппен:

1) қалдықтарды бөлек жинауды, оларды сұрыптауды, сондай-ақ қалдықтарды орналастыру мен тасымалдаудың белгіленген тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) қайталама материалдық ресурстардың: металдың, шынының, тоқыма матаның, макулатураның, ыдыстың, ораманың, полимерлік материалдардың, резинаның (тозған автодоңғалақтардың), реактивтердің, техникалық сұйықтықтардың және майдың, май фильтрінің, тұрмыстық құралдардың және жабдықтардың, электр батареяларының және қорғасынды-қышқылды аккумуляторлардың, сынапты термометрлердің және қайталама материалдық ресурстардың өзге түрлерінің жойылуын болдырмайтын тәсілдермен өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау үшін жағдайлар жасайды;

3) өндірістің сұйық қалдықтарын (аккумуляторлық электролиттерді, пайдаланылған машина майларын, пайдаланылған сұйықтықтарды, соның ішінде суытқыш, тежегіш және басқа сұйықтықтарды) сақтау үшін герметикалық сыйымдылықтар пайдаланылады, пайдаланылған сұйықтықтарды кәрізге, топыраққа, су сыйымдылықтарына және басқа орындарға төгуге жол берілмейді;

4) өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ұқыпсыз немесе қырсыз жұмыс істеу салдарынан мемлекетке, жеке және заңды тұлғалардың мүлігіне, азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтырады;

5) қалдықтарды орналастыру және жою бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін шарттық негізде мамандандырылған кәсіпорындардың қызметтерін пайдаланады;

6) айына кемінде бір рет қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды сақтау шарттарын тексеруді жүзеге асырады.

6 Өндіру және тұтыну қалдықтарының түрлері

9. Қауіп-қатер дәрежесі бойынша өндіру және тұтыну қалдықтары қауіпті және қауіпсіз (инертті) болып бөлінеді.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидасына сәйкес

қалдықтар адамға және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі бойынша (уыттылық дәрежесі) қауіптіліктің бес сыныбына бөлінеді:

- 1-сынып – өте қауіпті,
- 2-сынып – қауіптілігі жоғары,
- 3-сынып – шамалы қауіпті,
- 4-сынып – аз қауіпті,
- 5-сынып - қауіпсіз.

11. Қалдықтардың қауіптілік сыныптары бойынша қорытындыны халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері береді.

12. Қауіптілік деңгейін айқындау және қалдықтарды белгілі бір кодқа жатқызу Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 6 тамыздағы №314 бұйрығымен бекітілген Қалдықтар сыныптауышына сәйкес жүргізіледі.

13. Қалдықтарды белгілі бір кодқа жатқызуды қалдықтарды түзушілер дербес жүргізеді.

14. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын қауіпсіз сақтау, сондай-ақ оларды кәдеге жарату түрлері мен жағдайларын көзбен шолып көрсету мақсатында қалдықтарды басқару саласындағы нұсқаулық-әдістемелік плакаттар (осы Қағидаға 1-қосымша) қолданылады.

7 Өндіріс қалдықтарын жинау, уақытша сақтау және тасымалдау

15. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде қалдықтарды жинау (орналастыру) және уақытша сақтау қалдықтардың қауіптілік деңгейіне (уыттылық дәрежесіне байланысты) сәйкес келетін арнаулы алаңдарда (орындарда) жүргізіледі.

16. Қалдықтарды уақытша сақтау үшін арнайы алаңды Компанияның құрылымдық бөлімшесі және ЕҰ аумағының ық жағына қарай орналастырады.

Алаңды қатты және уытты қалдықтарға (заттарға) арналған өткізбейтін материалмен жабады, аунатады және уытты заттардың ұсталып қалуын, тазалануын және зарарсыздандырылуын қамтамасыз ететін арнайы тазалағыш құрылыстар жағына қарай еңкейте отырып, алаңның үстіне бетінен қалдықтар ағатындай етіп құрылғы орналастырылады. Ағынды жалпы жауын суын әкетуге арналған желіге қарай бағыттауға жол берілмейді.

Алаңда қалдықтардың атмосфералық жауын-шашыннан және желден қорғалуы қарастырылуы тиіс.

17. Қалдықтар олардың жиналуына қарай қауіптілік сыныбы бойынша (уыттылық дәрежесіне байланысты) қалдықтардың белгілі бір түріне арналған арнайы ыдысқа жиналады.

18. Қауіптілігі 1-сыныпты өндіріс қалдықтары герметизацияланған ыдыста (болат бөшкелерде, контейнерлердн) сақталады. Ыдыстың қауіпті қалдықтармен толуына қарай, ыдыс болат қақпақпен жабылады, қажет

болғанда электр-газпісіргішпен пісіріледі және қалдықтардың қауіпті қасиеттері көрсетіле отырып, ыдыстың таңбалануы қамтамасыз етіледі.

19. Қауіптілігі 2-сыныпты өндіріс қалдықтары агрегаттық күйіне байланысты полиэтилендік қаптарда, пакеттерде, бөшкелерде және зиянды заттардың (ингредиенттердің) таралуына кедергі жасайтын ыдыстың басқа түрлерінде сақталады.

20. Қауіптілігі 3-сыныпты өндіріс қалдықтары тиеу-түсіру және көлік жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін және зиянды заттардың таралуын болдырмайтын, олардың шоғырланып сақталуын қамтамасыз ететін ыдыста сақталады.

21. Қауіптілігі 4-сыныпты өндіріс қалдықтары конус тәрізді үйінді түрінде арнайы алаңдарда сақталады, одан ары олар автотиегішпен автокөлікке тиеліп кәдеге жарату немесе көму орнына жеткізіледі. Қауіптілігі 4-сыныпты өндіріс қалдықтарын қалдықтарды көму орнында тұтыну қалдықтарымен біріктіруге жол беріледі.

22. Сұйық және газ тәрізді күйдегі қалдықтар герметизацияланған ыдыста сақталады да, пайда болғаннан кейін бір тәулік ішінде Компанияның құрылымдық бөлімшесінің аумағынан әкетіледі немесе арнайы алаңда зарарсыздандыру жүргізіледі.

23. Қатты тұрмыстық қалдықтар, соның ішінде сусымалы қалдықтар контейнерлерде, пластикалық, қағаз пакеттерде немесе қаптарда сақталады, жиналуына қарай олар әкетіледі.

24. Қауіпті қалдықтарды көлік құралдарымен тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға қойылатын талаптар және экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқа да талаптар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін нормалар мен қағидаларда айқындалады.

25. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтау орындары Қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу, сондай-ақ қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтарды жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын адамдарға бергенге дейін алты айдан аспайтын мерзімде қауіпсіз жинауға арналған.

26. Жобалық құжаттамада белгіленген өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша (бірақ алты айдан аспайтын) сақтау шарттары мен мерзімдері бұзылған жағдайда, мұндай қалдықтар пайда болғаннан бастап орналасқан болып саналады.

27. Қауіпті қалдықтарды:

1) тасымалдау мақсаттары үшін тиісті қаптамасы болған және таңбаланған;

2) арнайы жабдықталған және арнайы белгілермен белгіленген көлік құралдары болған;

3) тасымалданатын қауіпті қалдықтардың көлемі, оларды тасымалдау мақсаты мен орны көрсетілген, қауіпті қалдықтарды тасымалдау және тапсыру үшін қауіпті қалдықтардың паспорты және құжаттамасы болған;

4) қауіпті қалдықтарды тасымалдау, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптары сақталған кезде тасымалдауға жол беріледі.

28. Қауіпті қалдықтарды көлік құралына тиеу, оларды қауіпті қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға қабылдап алған кезден бастап және оларды көлік құралынан белгіленген жерде түсіргенге дейін осындай қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін көлік ұйымы немесе осындай көлік құралы тиесілі тұлға жауапты болады.

29. Өндірудің және тұтынудың кейбір қалдықтарын уақытша сақтауды ұйымдастыру үлгілері осы Қағидаға 2-қосымшада келтірілген.

8 Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау

30. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және оларды уақытша сақтау үшін көлік үшін кірме жолдары бар арнайы алаңдар бөлінеді. Алаңдарда қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастырылады. Алаң аумағы қатты жабынмен жабылады және үш жағынан биіктігі кем дегенде 1,5 м болатын қоршаумен қоршалады.

31. Контейнерлік алаң тұрғын үйлерден және қоғамдық ғимараттардан, спорт кешендерінен, тұрғындардың демалатын орындарынан кем дегенде 25 м қашықтықта орналастырады.

32. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер қақпақтармен жабдықталады.

33. Контейнерлердің қажетті саны контейнердің сыйымдылығы, қалдықтардың жиналу нормалары, олардың сақталу мерзімдері ескеріле отырып, есептеледі, ал сақталу мерзімдері келесі формула арқылы есептеледі:

$$B_{\text{конт}} = P_{\text{жыл}} * t * 1,05 / (365 * V), \text{ мұнда}$$

$P_{\text{жыл}}$ – учаскеде коммуналдық қалдықтардың жылдық жиналуы, м³;

t – қалдықтарды әкету мерзімділігі, тәулікпен;

V – контейнер сыйымдылығы, м³.

34. 0⁰С-та және одан төмен температурада қалдықтардың контейнерде сақталу мерзімі 3 тәуліктен аспауы, ал плюстік температурада бір тәуліктен аспауы тиіс.

35. Мыналарды контейнер ішінде сақтауға тыйым салынады:

құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде пайда болған қалдықтарды, соның ішінде кірпішті, бетонды, металл арматураны, жылыту батареяларын және тағы басқаларды;

пештің ыстық күлін (қожды);

контейнерден қоқыс тасушының бункеріне түсіруге кедергі келтіретін ірі габаритті және ұзын өлшемді заттарды (қораптар, құбырлар, тақтайлар, бөренелер, ағаштар және олардың ірі бұтақтары, бұталар, автомобильдер мен мотоциклдердің ірі тораптары және т.б.);

құрамында сынабы бар қалдықтарды;

резиналық-техникалық бұйымдарды;

малдың, құстың және басқа жануарлардың өлімінің нәтижесінде пайда болатын (биологиялық қалдықтарды) қалдықтарды.

36. Қалдықтарды бөлек жинау «күрғақ» (қағаз, картон, металл, пластик және шыны) және «дымқыл» (тамақ қалдықтары, органикалық заттар және басқа) фракциялар бойынша жүзеге асырылады.

37. Компанияның құрылымдық бөлімшелері және ЕҰ-ның аумағында жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану объектілерінің тағам қалдықтары қақпағы бар сыйымдылықтарға жиналады және суытылатын жайларда немесе тоңазытқыш камераларда сақталады.

9 Медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау

38. Медициналық қалдықтарды (бұдан әрі – МҚ) жинау, тасымалдау және сақтау олардың қауіптілік дәрежесіне сәйкес жүзеге асырылады.

39. МҚ қауіптілік дәрежесі бойынша қауіптіліктің 5-сыныбына бөлінеді:

1) А сыныбы-ТҚҚ тәрізді қауіпті емес МҚ;

2) Б сыныбы - қауіпті (эпидемиологиялық) МҚ;

3) В сыныбы - өте (эпидемиологиялық) қауіпті МҚ;

4) Г сыныбы - құрамы жағынан өндірістік қауіпті МҚ-ға жақын;

5) Д сыныбы - радиоактивті МҚ.

40. Медициналық қалдықтарды жинау, қабылдау және тасымалдау бір рет қолданылатын пакеттерде, контейнерлерде, сыйымдылықтарда, қауіпсіз кәдеге жарату қораптарында жүзеге асырылады.

41. Медициналық қалдықтарды сақтауға арналған контейнерлер ылғал өткізбейтіндей, бөгде тұлғалардың контейнердің ішіндегі заттармен түйісу мүмкіндігі болмайтындай болуы тиіс.

42. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жайлардың едені, қабырғасы, төбесі жуушы және зарарсыздандырушы құралдарға төзімді материалдардан жасалады.

10 Қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын жалпы талаптар

43. Қауіпті қалдықтарды қауіпсіз қалдықтармен араластыруға, қауіпті қалдықтардың әртүрлі түрлерін оларды өндіру, тасымалдау және сақтау процесінде өзара араластыруға тыйым салынады. Карьерлерді және басқа да жасанды жасалған қуыстарды қауіпті емес қалдықтарды, ҚТҚ және өндірістік

объектінің 3 және 4-қауіптілік сыныбының қалдықтарын пайдалана отырып көмуге жол беріледі.

44. Қалдықтарды уақытша сақтау және олармен жұмыс істеу процесі кезінде мыналарға:

1) қайта өңдеуге берілетін қалдықтарды араластыруға, егер мұндай араластыруға қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі технологиялармен тыйым салынған болса;

2) шаруашылық қызметінің қалдықтар пайда болған өндірістік және өзге объектілерінің аумағында қалдықтарды көмуге, өртеуге, рұқсатсыз төгуге жол берілмейді.

45. Қалдықтарды сақтаудың және қайта өңдеудің белгіленген орнына қалдықтарды тасымалдау қалдық иелерінің есебінен мамандандырылған кәсіпорындармен жүзеге асырылады.

46. Қалдықтарды жинау, әкету және қалдықтарды көму орындарын күтіп ұстау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар жоқ елді мекендерде орналасқан қалдықтарды түзушілер қалдықтарды өз бетінше әкету мүмкін болатын орындарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық департаментінің рұқсатымен ұйымдастырады.

47. Қауіпті қалдықтардың паспорты мыналарға жасалады:

1) құрамында келесі бір немесе бірнеше заттар бар қалдықтарға:

жарылғыш заттарға;

тез тұтанатын сұйықтыққа;

тез тұтанатын қатты заттарға;

өздігінен тұтанатын заттарға;

тотықтанатын заттарға;

органикалық пероксидтерге;

улы заттарға;

ұзақ әрі созылмалы ауруларды тудыратын уытты заттарға;

жұқтыратын заттарға;

тат басатын заттарға;

экоотоксикалық заттарға;

от қауіпті газдар бөлетін заттарға;

ауамен немесе зат сумен түйіскенде уытты газдар бөле алатын заттарға;

жоғарыда айтылған қасиеттердің біреуіне ие басқа заттар түзуге қабілетті заттарға;

2) янтарлық және қызыл тізімге кіретіндердің қалдықтарына.

48. Қауіпті қалдықтар паспортын қалдықтарды шығарушылар Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №335 бұйрығымен бекітілген Қауіпті қалдықтар паспортының нысаны бойынша әзірлейді.

49. Қауіпті қалдықтардың паспорты қалдықтардың әрбір түріне жеке толтырылады және қалдықтар пайда болған кезден бастап үш ай ішінде

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

50. Қалдықтардың қасиеттерінің өзгеруі туындаған жағдайда, технологиялық процестің регламентінің өзгеруінен туындаған қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгерген немесе неғұрлым егжей-тегжейлі және нақты қосымша ақпарат келіп түскен жағдайда қауіпті қалдықтардың паспорты қайта қарауға жатады. Қауіпті қалдықтардың жаңартылған паспорты үш ай ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

51. Қауіптіліктің әрбір деңгейіндегі қалдықтарды есепке алуды қалдықтарды жасаушылар осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

52. Қауіпті қалдықтардың пайда болуы туралы есеп қалдық иесімен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің экология департаментіне жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №164-п бұйрығымен бекітілген нысан бойынша ұсынылады.

53. Қалдықтар иелері қалдықтарды есепке алу жөніндегі құжаттаманы 5 жыл бойы сақтайды.

11 Қалдықтарды әкету және қайта өңдеу/кәдеге жарату/жою/көму жөніндегі қызметтерді жеткізушілерге қойылатын талаптар

54. Қалдықтарды шығару және қайта өңдеу/кәдеге жарату/жою/көму жөніндегі қызметтерді жеткізушілер «Самұрық-Қазына» АҚ пен Компанияның сатып алуды жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін құжаттарына сәйкес айқындалады.

55. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілердің тиісті кіші қызмет түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы, ал қауіпті емес қалдықтар бойынша - уәкілетті органнан қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпсіз қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламасы болуға тиіс.

12 Иерархия қағидаты

56. Қалдықтарды түзушілер Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 329-бабында белгіленген талаптарға сәйкес қалдықтардың пайда болуын болдырмау және түзілген қалдықтарды басқару жөніндегі шаралар сатысын қоршаған ортаны қорғау және Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету мүддесінде олардың басымдылығының кему тәртібімен қолдануға тиіс.

57. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау деп зат, материал немесе өнім қалдыққа айналғанға дейін қабылданған және мыналарға бағытталған шаралар түсініледі:

1) түзілетін қалдықтар санын қысқарту (оның ішінде өнімді қайта пайдалану немесе оның қызмет ету мерзімін ұлғайту жолымен);

2) пайда болған қалдықтардың қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс әсер ету деңгейін төмендету;

3) материалдағы немесе өнімдегі зиянды заттардың құрамын азайту.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында қайта пайдалану деп қалдықтарға әлі айналмаған өнім немесе оның компоненттері осындай өнім немесе оның компоненттері жасалған сол мақсат бойынша қайта пайдаланылатын кез келген операциялар түсіндіріледі.

58. Иерархия қағидатын қолдану кезінде сақтық қағидаты мен орнықты даму қағидаты, техникалық мүмкіндіктер мен экономикалық орындылық, сондай-ақ қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етудің жалпы деңгейі назарға алынуы тиіс.

13 Жауапкершілік




59. Компания және ЕҰ қызметкерлерінің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және ЕҰ компаниясының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

60. Тамақ, медициналық қалдықтарды жинау және сақтау, кәдеге жарату үшін жауапкершілік Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің объектілерінде және ЕҰ-да медициналық қызметтер мен тамақтану қызметтерін ұсынатын тұлғаларға шарттар негізінде жүктеледі.


61. Қалдықтарды шығарушылар қалдықтарды пайда болған сәттен бастап лицензия негізінде қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғаның иелігіне берілген сәтке дейін оларды қауіпсіз өңдеуге жауапты болады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының орынбасарының
2022 жылғы 10.10
№ 808-43 бұйрығымен
бекітілген
«Қазақстан темір жолы» ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамында
қалдықтармен жұмыс істеу қағидасына
1-қосымша

Қалдықтарды басқару саласындағы нұсқаулық-әдістемелік плакаттар


Уыттылық дәрежесі	Сақтау шарттары	Өндіріс және тұтыну қалдықтарының түрлері
		

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІ ҚАУПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПШІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІ ҚАУПШІЛІК СЫНЫБЫ

УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПТІ ҚАЛДЫҚТАР




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУПТІЛІК СЫНЫБЫ

УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУПТІЛІК СЫНЫБЫ

УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУПТІЛІК СЫНЫБЫ

**УМЕРЕННО ОПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ОРТАША ҚАУПШІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ-ІІІ ҚАУПШІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУШТИ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУШТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУШПТИ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӨРЕЖЕСІ- IV ҚАУШПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- IV ҚАУІПТІЛІК СЫНЫБЫ

**МАЛООПАСНЫЕ ОТХОДЫ
ТӨМЕН ҚАУШПТИ ҚАЛДЫҚТАР**




УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ- V ҚАУШПТИЛІК СЫНЫБЫ




ҚАУШТІЛІК КЛАСЫ-V

**УАҚЫТША ОРНАЛАСТЫРУ:
БОКСТАРДА ЖИНАҚТАЛАДЫ**



ҚАУШПТІЛІК КЛАСЫ-V

**УАҚЫТША ОРНАЛАСТЫРУ:
БОКСТАРДА ЖИНАҚТАЛАДЫ**



ҚАУШПТІЛІК КЛАСЫ-V

**УАҚЫТША ОРНАЛАСТЫРУ:
БОКСТАРДА ЖИНАҚТАЛАДЫ**

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2022 жылғы 10.10 № 808-43 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында қалдықтармен жұмыс істеу қағидасына 2-қосымша

Кейбір өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауды ұйымдастыру үлгілері

1. Пайдаланылған және ақаулы, сынабы бар шамдар, құрамында сынабы бар люминесцентті түтіктер (қауіптілігі 1-сыныпты түтіктер).

Пайдаланылған және ақаулы, сынабы бар шамдар, құрамында сынабы бар люминесцентті түтіктер тұрақты жұмыс орындары жоқ жабық жайда болуы керек, еден тегіс әрі мүмкіндігінше кафельмен немесе металмен қапталған болуы керек. Жай ішінде аталған қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтар ілінген болуы тиіс.

Шам арнаулы ыдыста сақталуы тиіс. Пайдаланылған, құрамында сынабы бар шамдарды сақтау және тасымалдау шарттары шыны колбалардың сыну немесе герметизациясының бұзылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Пайдаланылған және ақаулы, сынабы бар шамдарды, құрамында сынабы бар люминесцентті түтіктерді жинау пайдаланылған және ақаулы, сынабы бар шамдармен, құрамында сынабы бар люминесцентті түтіктермен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықпен танысқан және Компанияның құрылымдық бөлімшесі басшысының бұйрығымен белгіленген, оларға қызмет көрсететін персоналмен жүргізіледі және ол лауазымды тұлғаның басшылығы арқылы жүзеге асырылады.

Құрамында сынап қалдықтары бар шыны колбаларды сақтау кезінде шыны колбалардың сыну немесе герметизациясының бұзылу мүмкіндігін ескере отырып, пайдаланылған шамдарға арналған жай тұрмыстық жайлардан алыс болуы тиіс және зақымданған шамдарды жинауға арналған герметикалық қақпағы бар арнайы металл контейнермен жарақтанған болуы керек.

2. Пайдаланылған қышқыл электролит (қауіптілігі 2-сыныпты қалдықтар).

Пайдаланылған қышқыл электролит оны аккумулятордан төгу кезінде пайда болады. Пайдаланылған қышқыл электролитті таңбаланған, нығыз жабылған бөтелкелерде, желдеткішпен жабдықталған, электрлік жарықтануы түзік, қажетті сақтандырушы жазбалары бар жайларда сақтау керек. Жайда пайдаланылған электролитпен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық

орналастырылған болуы тиіс. Пайдаланылған электролитті жинау аккумуляторларға қызмет көрсететін персоналмен жүзеге асырылады.

Электролитті бөтелкелермен тасыған дұрыс, бөтелкелер ағаштан жасалған тормен қапталған болуы тиіс. Тасымалдау кезінде ағаш-жаңқадан жасалған аралық төсемдерді пайдаланған дұрыс, олар бөтелкелерді зембілмен немесе амортизаторы бар арбашалармен тасымалдағанда, кездейсоқ соққылардан сақтандырады. Қауіпті қалдықтарды сақтау шарттарын тексеруді айына кем дегенде бір рет жүргізген дұрыс.

3. Пайдаланылған аккумулятор батареялары (қауіптілігі 2-сыныпты қалдықтар).

Пайдаланылған аккумулятор батареялары тұрақты жұмыс орындары болмайтын жабық құрғақ жай ішіндегі штабельде немесе сөрелерде сақталуы тиіс.

Жай желдеткішпен және электр жарығымен жабдықталған болуы керек.

Мыналарға:

пайдаланылған аккумулятор батареяларын ашық алаңдарда, жер бетінде сақтауға;

пайдаланылған аккумулятор батареяларын уақытша жинақтау үшін белгіленген жерден тыс жерде сақтауға;

қышқылды және сілтілі аккумулятор батареяларын бір жерде сақтауға;

пайдаланылған аккумулятор батареяларын қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған лицензиясы жоқ сырт ұйымдарға беруге жол берілмейді.

4. Пайдаланылған моторлық, трансмиссиялық, индустриалдық, автомобильдік, компрессорлық, турбиналық, гидравликалық майлар (қауіптілігі 3-сыныпты қалдықтар).

Пайдаланылған майларды уақытша жинақтау Компанияның құрылымдық бөлімшесінің арнайы алаңында орналасқан, ластанған майлардың фильтрлену мүмкіндігін болдырмайтындай жабыны бар, әртүрлі көлемдегі металл сыйымдылықтарда жүзеге асырылады.

Майларды уақытша орналастыруға арналған сыйымдылықтар:

майдың алаң жабынына немесе топыраққа төгілуін болдырмау үшін металл түп табандықтармен жабдықталуы керек;

тасымалдау немесе олардан майларды құйып алу үшін қол жетімді болуы тиіс;

мұнай қойыртпағынан тазартылуы және кемінде жылына 1 рет герметикасы тексерілуі керек.

Сыйымдылықтарды толтыру мұнай өнімдерінің жылудан ұлғаю мүмкіндігі ескеріліп жүргізіледі.

Мыналарға:

пайдаланылған майларды уақытша жинақтау үшін белгіленген жерден тыс жерде сақтауға;

сақтау орындарының аралығын жабдықтауға;

сақтауға арналған сыйымдылықтарды асыра толтыруға;
пайдаланылған минеральды майларды құрамында полихлордифенил және полихлортерфенил бар синтетикалық майлармен араластыруға;
пайдаланылған майларды уақытша жинақтауға ғана арналған сыйымдылықтарды мақсатқа сай емес жағдайларда пайдалануға;
мұнай қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде ашық отты қолдануға, темекі шегуге жол берілмейді.

5. Пайдаланылған майлы сүзгілер (қауіптілігі 3-сыныпты қалдықтар)

Пайдаланылған майлы сүзгілер автомобилдерге, арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету кезінде пайда болады және майлы сүзгілер алынғаннан кейін уақытша сақтау орындарына көшіріледі.

Пайдаланылған майлы сүзгілерді уақытша жинақтау Компанияның құрылымдық бөлімшесінің алаңында метал сыйымдылықтарда жүргізіледі, алаңның жабыны топыраққа сүзгіден май қалдықтарының төгілуін болдырмайтындай болуы керек.

Сыйымдылықтар таңбаланған болуы керек.

Мыналарға:

майлы сүзгілерді контейнерден тыс, уақытша жинақтау үшін белгіленген жерден тыс жерде сақтауға;

аралық сақтау орындарын жабдықтауға;

сақтауға арналған сыйымдылықтарды асыра толтыруға;

пайдаланылған майлы сүзгілерді жинауға және уақытша сақтауға арналған сыйымдылықтарды мақсатқа сай емес жағдайларда пайдалануға;

майлы қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде ашық отты қолдануға, соның ішінде темекі шегуге жол берілмейді.

6. Жолға төсеуге жарамайтын ағаш теміржол шпалдары (қауіптілігі 3-сыныпты қалдықтар).

Жолға төсеуге жарамайтын ағаш теміржол шпалдары темір жолдарда шпалдарды ауыстыру нәтижесінде пайда болады.

Пайдаланылған шпалдарды уақытша жинау қатты жабыны бар алаңда жүргізілуі тиіс. Шпалдар штабельдерге жиналуы тиіс.

Штабель астындағы алаң жанғыш материалдан тазартылуы тиіс.

Пайдаланылған шпалдар олар алынғаннан кейін уақытша сақтау орындарына көшірілуі тиіс.

Мыналарға:

пайдаланылған шпалдарды уақытша жинақтау үшін белгіленген орыннан тыс орында сақтауға;

пайдаланылған шпалдармен жұмыс істеу кезінде ашық отты қолдануға, темекі шегуге жол берілмейді.

7. Пайдаланылған доңғалаққаптар (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар), соның ішінде мата корды бар доңғалаққаптар.

Пайдаланылған доңғалаққаптар, соның ішінде мата корды бар

доңғалаққаптар түріндегі өндіру және тұтыну қалдықтары автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету кезінде пайда болады, мамандандырылған кәсіпорындарда қайта өңделуі тиіс. Мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылғанға дейін доңғалаққаптар оларды сақтау үшін ұйымдастырылған орындарға: қоймаларға, контейнерлерге орналастырылады немесе арнайы алаңдарда штабельге немесе сөрелерге жиналуы мүмкін.

Доңғалаққаптар тасымалдау және сақтау кезінде олардың ығысуына, жылжыуына немесе құлауына жол берілмейтіндей болып бекітілуі тиіс.

Сақтау орындары өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс.

8. Күлді-қожды қалдықтар (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар).

Күлді-қожды қалдықтар түріндегі өндіру және тұтыну қалдықтары қазандықта көмірді жағу кезінде пайда болады және қатты жабыны бар, қоршалған алаңда сақталуы тиіс.

9. Сұрыпталмаған метал сынықтары мен қалдықтары (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар).

Сұрыпталмаған метал сынықтары мен қалдықтары мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылғанға дейін Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің аумағына уақытша орналастырылады.

Қара және түсті металдардың сынықтары белгіленген жіктегішке сәйкес сыныптары, топтары және сорттары бойынша бөлек сақталады, сондай-ақ майдың, эмульсияның және судың ағып кетуі үшін жабдықталған қатты негізі бар, асфальтты, бетонды, арнайы бөлінген алаңдарда және сыйымдылықтарда (жинағыштарда, контейнерлерде) сақталады.

Сақтауға арналған орындар таңбаланған болуы тиіс. мамандандырылған кәсіпорындарға жөнелтуге дайындалған металл сынықтарының әрбір партиясы жарылу қауіпсіздігіне, радиациялық қауіпсіздікке тексерілуі тиіс.

Металл жаңқасы қатты жабыны бар алаңда орналасқан жабық метал контейнерлерде сақталады

Мыналарға:

ауланы металл сынықтарымен қоқырсытуға;

металл сынықтарын қалдықтардың басқа түрлерімен бірге сақтауға жол берілмейді.

10. Майлармен ластанған, құрамында кем дегенде 15% май бар сұрту материалдары, минералды майлармен ластанған ағаш ұнтақтары (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар).

Өндіру және тұтыну қалдықтарының аталған түрлері жылжымалы құрамға, автомобильдерге, арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету кезінде пайда болады.

Сұрту материалдарын, майланған ұнтақтарды әртүрлі көлемдегі металл герметикалық сыйымдылықтарда уақытша жинақтау және сақтау үшін олардың Компанияның құрылымдық бөлімшесінің арнайы алаңында бөлек жиналуын қамтамасыз ету керек.

Сыйымдылықтар таңбаланған және металл түптағандармен жабдықталған болуы тиіс.

Мыналарға:

қалдықтарды сақтау уақытша жинақтау үшін белгіленген орыннан тыс орында сақтауға;

аралық сақтау орындарын жабдықтауға;

сақтауға арналған сыйымдылықтарды асыра толтыруға;

қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған сыйымдылықтарды мақсатқа сай емес жағдайларда пайдалануға;

қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде ашық отты қолдануға, соның ішінде темекі шегуге жол берілмейді.

11. Пайдаланылған автомобильдің ауа сүзгілерінің сүзгілеуші элементтері (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар).

Пайдаланылған автомобильдің ауа сүзгілерінің сүзгілеуші элементтері автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде пайда болады. Мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылғанға дейін бұл қалдықтар уақытша Компанияның құрылымдық бөлімшесінің алаңында орналастырылады, контейнерлерде сақталады.

12. Тежеуіш қалыптардың пайдаланылған жапсырмалары, поронитті аралық төсемдер (қауіптілігі 4-сыныпты қалдықтар).

Тежеуіш қалыптардың пайдаланылған жапсырмалары, поронитті аралық төсемдер жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету кезінде пайда болады. Мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылғанға дейін олар Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік алаңдарына, қоймаларға, контейнерлерге немесе қоршалған, қатты жабыны бар жабық алаңдарға орналастырылады.

13. Лак-бояу материалдары салынған ыдыс.

Лак-бояу материалдары салынған ыдыс сырлау жұмыстарын жүргізу кезінде пайда болады. Ыдысты уақытша сақтау арнайы алаңда жүзеге асырылады, кейіннен ол мамандандырылған ұйымға тапсырылуға жатады.

14. Есептен шығарылған кеңсе техникасы (ұйымдастыру техникасы).

Есептен шығарылған кеңсе техникасы аспаптардың, компьютерлік техниканың істен шығуы салдарынан Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде құрылады, жабық үй-жайда сақталады, жинақталуына қарай мамандандырылған ұйымға өтеулі немесе өтеусіз негізде өткізуге беріледі. Олар болмаған кезде ұйымдастыру техникасын кәдеге жарату жөніндегі қызметтер көрсететін ұйым әкетеді.
